"ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
"Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
ШЫҒЫС № 13-02-1049
3 . 09 2025 ж.

**МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА**

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, білім бөлімі мен аудандық орталық ауруханасымен бірлескен **«Кәмелетке толмағандар арасындағы жыныстық тиіспеушілік пен ерте жүктіліктің алдын алу бойынша алгоритімі»** басшылыққа алып, орындау үшін жолдайды.

Қосымша: 4 парақта *(бекітілген алгоритм)*

**Т.Рысқұлов ауданының**
**білім бөлімінің басшысы** **М.Сванов**

*Орындаған:Г.Ногайбаева*
*Тел:2-14-10*

«КЕЛІСЕМІН»
Т.Рысқұлов ауданының
аудандық орталық ауруханасының
бас дәрігері
___________Д.Ахметбеков
«___» ___________2025ж

«БЕКІТЕМІН»
Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы
___________М.Сванов
«_03_» ___________2025 ж.

**Кәмелетке толмағандар арасындағы жыныстық тиіспеушілік пен ерте жүктіліктің алдын алу бойынша алгоритмі**

| № | Іс-шаралар атауы | Орындалу мерзімі | Аяқталу нысаны | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | ҚРДСМ «Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидаларын, көлемі мен мерзімділігін бекіту туралы» 2020 жылғы 15 желтоқсан №264 бұйрығына сәйкес 7-11 сынып және 1,2 курс колледж студенттерін профилактикалық тексерістен өткізу | Тоқсанына 1 рет | Ақпарат | Аудандық орталық ауруханасы |
| 2 | ҚРДСМ 2022 жылғы 16 мамырдағы 44 бұйрығы «Паразиттік аурулардың алдын алу бойынша санитарлық эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидарына сәйкес паразиттік аурулардың (қотыр,дерматомикоз) алдын алу мақсатында жүргізілетін тексеріс кезінде жүктіліктің | Тоқсанына 1 рет | Ақпарат | Аудандық орталық ауруханасы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | белгілеріне назар аудару | | | |
| 3 | ҚРДСМ «Акушер-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» 2021 жылғы 26 тамыздағы №92 бұйрығына сәйкес «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына сәйкес зорлық-зомбылық және дене жарақаттарының фактілері анықталған жағдайда медициналық көмек және «Медициналық оңалту көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 7 қазандағы № ҚР ДСМ-116/2020 бұйрығына сәйкес:1)оңалту емі көрсету;<br>2)жәбірленушілердің жүгіну фактілері туралы және оған көрсетілген медициналық көмек туралы ішкі істер органдарына хабарлау | Тұрақты | Ақпарат | Аудандық орталық ауруханасы |
| 4 | Балалар мен ата-аналар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстық жауапкершілікті түсіндіру бойынша құқық қорғау органдарымен бірлескен кең ауқымды ақпараттық жұмыстарды жүргізу | Тоқсанына 1 рет | Ақпарат | Білім беру ұйымдары |
| 5 | ҚР 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 заңының12-бапына сәйкес:1) білім беру ұйымдары дәлелсіз себептермен жалпы білім беретін оқу орындарына бармайтын кәмелетке толмаған жасөспірімді анықтау;<br>2)олармен және олардың ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жеке профилактика шараларын жүргізу | Тұрақты түрде | Ақпарат | Білім беру ұйымдары |
| 6 | Кәмелетке толмағандардың және олардың ата-аналары мен заңды өкілдерінің арасында санитарлық-гигиеналық сауаттылығын | Тоқсанына | Ақпарат | Аудандық орталық ауруханасы, білім |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау бойынша медицина қызметкелері дәрістер ұйымдастыру | 1 рет | | беру ұйымдары |
| 7 | Жасөспірімдерде жүктілік анықталған кезде мыналарды жүзеге асыру қажет:<br>1)жасөспірімдерде жүктілік анықталғаннан кейін 3 сағат ішінде ата-аналарды немесе өзге де заңды өкілдерді хабардар ету;<br>2)ерте жүктілігі анықталған жасөспірімге, сондай-ақ оның ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне психологиялық қолдау көрсету және консультация беру;<br>3) ішкі істер органдары мен білім бөліміне кәмелетке толмағанның жүктілік фактісі туралы анықталғаннан кейін 3 сағат ішінде хабардар ету | Тұрақты | Ақпарат | Аудандық орталық ауруханасы, білім беру ұйымдары |
| 8 | Жалпы білім беру ұйымдарындағы қыздарға жас ерекшіліктеріне қарай «Аналар мектебі», «Әжелер мектебі» кеңестері, «Қыздар» ұйымының қызметін ұйымдастыру | Тоқсанына бір рет | Ақпарат | Білім беру ұйымдары |
| 9 | Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығының 1- тарауының 2 және 3- тармағында Психологиялық қызметтің жұмысы білім беру қызметіндегі қиындықтарды анықтауға және диагностикалауға, білім мекемелерінің педагог-психологтарына әдістемелік көмек беру, консультация беруге, білім беру ортасы жағдайында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мен қолдау көрсетуге, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің психологиялық салауаттылығын сақтау және нығайтуға бағытталғаны және психологиялық қызметтің жұмысын | Тұрақты | Ақпарат | Білім беру ұйымдары |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | орта білім беру ұйымдарының басшысы қамтамасыз етеді | | | |
| 10 | Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы бұйрығының 7-тармағының 1-тармақшасына сәйкес:<br>1)бақылау, әңгімелесу, диагностика жүргізу;<br>2) білім алушылар мен тәрбиеленушілерден, ата-аналардан немесе заңды өкілдер мен педагогтерден келіп түскен ауызша немесе жазбаша өтініштер (сауалдар) талдау арқылы білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқытудағы, дамыту мен тәрбиелеудегі қиындықтарды анықтау | Тұрақты | Ақпарат | Білім беру ұйымдарының педагог-психологтары |
| 11 | Бала тәрбиелеуші ата-аналар оның дене бітімі, психикалық, адамгершілік жағынан және рухани дамуына қажетті өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін жауаптылықта болатындығы туралы ата-аналарға арналған түсіндірме жұмыстарды ұйымдастыру | Тоқсанына бір рет | Ақпарат | Білім беру ұйымдары |
| 12 | Білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара кездесулер ұйымдастыру | Тұрақты | Ақпарат | Білім беру ұйымдары |
| 13 | ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы 138-бабына сәйкес кәмелетке толмаған балаларын күтіп-бағуға, тәртібіне және ата-аналар немесе олардың заңды өкілдерінің міндеттінде екендігі туралы ата-аналарға арналған түсіндірме жұмыстарын жүргізу | Тоқсанына 1 рет | Ақпарат | Білім беру ұйымдары |
| 14 | Кәмелеттік жасқа толмай жүкті болып тіркелген қыздарды анықтап, мониторинг жасап, білім басқармасына ай сайын ақпарат беру | Тұрақты | Ақпарат | Аудандық білім бөлімі |